Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақтелеком" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабының 10 және 10-1-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабының 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер жобалау, іздестіру, құрылыс-монтаждау жұмыстарын, тауарларды (материалдар мен жабдықтарды) ілеспе жеткізуді, сондай-ақ осы Шарттың және тиісті тапсырыстардың талаптарына сәйкес көрсетілген жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыстар) орындау үшін қажетті қызметтер көрсетуді қоса алғанда, _____ жобасы бойынша кешенді жұмыстарды орындауға міндеттенеді, Тапсырыс беруші Мердігер өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында орындалған жұмыстарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.1.1. Шарт оны іске асыру шеңберінде Тараптардың өзара іс-қимылының жалпы талаптарын белгілейді. Жұмыстардың көлемдерін, мерзімдерін, құнын және өзге де параметрлерін нақтылау Тапсырыс берушінің тиісті күнтізбелік жылға бекітілген қаржыландыру шегінде жұмыстарды орындауға тапсырыстарды (бұдан әрі - Тапсырыс/тапсырыстар) ашуы арқылы жүзеге асырылады.

1.1.2. Тапсырыс Мердігер алған күннен бастап Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Мердігердің тапсырысты қабылдаудан бас тартуына жол берілмейді.

1.1.3. Тапсырыстарды Тапсырыс беруші ашады және жұмысты орындау үшін Мердігер қабылдайды. Мердігер тапсырысқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шарттың №7 қосымшасында белгіленген нысан бойынша жұмыстарды жүргізу кестесін жібереді. Кестеге Тараптар қол қояды және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1.2. Жұмыстардың нақты тізбесі, көлемі, мазмұны, құны, орындалу мерзімі, жұмыстардың сипаты, сондай-ақ оларды орындаудың нақты орны тиісті тапсырыста және оған қосымшада көрсетіледі. Тапсырыс беруші тапсырыс шеңберінде мердігерге берген техникалық құжаттаманы мердігер тек тапсырыстар бойынша жұмыстарды орындау үшін ғана пайдалана алады және олар өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті шектерде тартылатын қосалқы мердігерлерді қоспағанда, көшіруге немесе үшінші тұлғаларға беруге жатпайды.

1.3. Жұмыстарды мердігер тек Тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша орындайды.

1.4. Жұмыстарға және оларды қабылдауға қойылатын талаптар Шарттың №2 қосымшасына №2-1, 2-2, 2-3, 2-4 қосымшаларда белгіленген.

1.5. Мердігер жұмыстарды осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тиісті тапсырыстармен, сондай-ақ №2-1, №2-2, №2-3 және №2-4 қосымшаларда жазылған талаптарды сақтай отырып орындауға міндеттенеді.

1.6. Тапсырыстарды ашу, өзгерту және жабу тәртібі:

1.6.1. Тапсырысты ашуды Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті тапсырысты жазбаша нысанда, Тапсырыс берушінің электрондық поштасына немесе электрондық құжат айналымы жүйесіне (бар болса) жіберу жолымен жүзеге асырады. Тапсырыс Шартқа №4 қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мәліметтерді қамтуы тиіс.

1.6.2. Мердігер тапсырыстың қол қойылған данасын Тапсырыс берушіге оны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Шарттың 1.6.1-тармақшаға сәйкес жіберуге міндетті. Егер Мердігер көрсетілген мерзімде қол қойылған тапсырысты жібермеген жағдайда, соңғысы қабылданған болып есептеледі және Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

1.6.3. Қол қойылған тапсырыстарға өзгерістер Тараптардың жазбаша келісімі бойынша енгізіледі. Өзгеріске бастамашы болған Тарап екінші Тарапқа негіздемесі бар жазбаша ұсыныс жібереді. Ұсынысты алған Тарап оны қарауға және дәлелді жауапты алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жіберуге міндетті. Өзгерістер Тараптар тапсырысқа тиісті өзгеріске қол қойғаннан кейін ғана күшіне енеді. Бұл ретте Тапсырыс беруші жазбаша түрде бекітпеген және тапсырыстар мен шартқа қосымшаларға енгізілмеген жұмыстардың қосымша көлемі қабылданбайды және төленбейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.6.4. Тапсырыс бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігер Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстарды қабылдаудың техникалық актісін және қажет болған жағдайда шартта және/немесе тиісті тапсырыста көзделген өзге де құжаттаманы жібереді. Орындалған жұмыстар актісіне қол қою орындалған жұмыстарды қабылдаудың техникалық актісіне қол қойылғаннан кейін ғана мүмкін болады және Шартта белгіленген тәртіппен Тараптар арасында есеп айырысулар жүргізуге негіз болады.

1.6.5. Тапсырыс беруші ұсынылған құжаттарды қарауға, орындалған жұмыстарды қабылдаудың техникалық актісіне қол қоюға не оларды алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде нақты ескертулермен дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті. Көрсетілген мерзімде дәлелді бас тарту ұсынылмаған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдаудың техникалық актісіне қол қойылды деп есептеледі.

1.6.6. Тапсырыстың жабылуы Тапсырыс берушінің орындалған жұмыстардың сапасы мен сәйкестігін растайтын объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қою арқылы расталады.

1.7. Мердігер өз тәуекелі үшін және өз материалдарын пайдалана отырып, жұмыстарды орындауға міндеттенеді. Егер мердігер жұмыстарды Қазақстан Республикасына әкелінген материалдармен орындайтын болса, онда Мердігер материалдарды өз күшімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз есебінен кедендік тазартуды жүргізуге міндеттенеді.

1.8. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1.8.1. осы Шарт;

1.8.2. Шартқа №1 қосымша: «Сатып алынатын жұмыстардың тізбесі»;

1.8.3. Шартқа №2 қосымша: «Техникалық ерекшелік»; №2-1 қосымша «Пассивті оптикалық желілердің желіжол құрылыстарын жобалау, салу, пайдалану және қайта құру қағидалары»; №2-2 қосымша «Қазақтелеком» АҚ-ның қолданылатын материалдарға қойылатын техникалық талаптары»; №2-3 қосымша «Қазақтелеком» АҚ-ның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге арналған ведомстволық ұсынымдар»; №2-4 қосымша «Қазақтелеком» АҚ желісінің магистральдық және аймақішілік ТОБЖ желіжол құрылыстарын пайдалануға қабылдау қағидасы».

1.8.4. Шартқа №3 қосымша: «Тауарлардың/жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің елішілік құндылығын болжамды/нақты есептеу»;

1.8.5. Шартқа №4 қосымша: «Жұмыстарды орындауға тапсырыс нысаны» және оған қосымша;

1.8.6. Шартқа №5 қосымша: «Тапсырысқа техникалық тапсырма нысаны»;

1.8.7. Шартқа №6 қосымша: «Шшарттық баға тізімдемесінің нысаны»;

1.8.8. шартқа №7 қосымша: «Жұмыс жүргізу кестесінің нысаны»;

1.8.9. Шартқа №8 қосымша: «Орындалған жұмыстарды қабылдаудың техникалық актісінің нысаны»;

1.8.10. №9 қосымша «Магистральдық желілердің ҚМЖ тапсырыстары шеңберіндегі шығындарының шекті құны (жұмыстарды жүргізу үшін қажетті материалдық ресурстардың құнын қоса алғанда)».

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. _____ жылға шарттың сомасы _____ _____(_____), оның ішінде ҚҚС _____(_____) аспауы тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды қоса алғанда, жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындарды қамтиды.

2.1.2. _____ жылға шарттың сомасы _____ _____(_____), оның ішінде ҚҚС _____(_____) аспауы тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды қоса алғанда, жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындарды қамтиды.

2.1.3. _____ жылға шарттың сомасы _____ _____(_____), оның ішінде ҚҚС _____(_____) аспауы тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды қоса алғанда, жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындарды қамтиды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.3. Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасының мөлшері болжамды болып табылады. Ешқандай жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың 2.1-тармағында көзделген Шарттың барлық жалпы сомасына жұмыстарды сатып алу бойынша міндеттемелерді өзіне алмайды. Шарт бойынша жұмыстардың санын тек Тапсырыс беруші айқындайды және шарт бойынша сатып алынатын жұмыстардың нақты жалпы құны Шарттың белгіленген жалпы сомасынан аспауға тиіс.

2.4. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен:

2.4.1. Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті күнтізбелік жылға белгіленген ҚҚС-сыз белгіленген ақшалай сомада мынадай тәртіппен аванс (алдын ала төлем) төлейді:

2.4.1.1. _____ жыл үшін _____ (_____) мөлшерінде біржолғы төлеммен мердігер авансты қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады. Аванстың әрбір кезекті бөлігін төлеу Мердігер бұрын алған авансты толық өтегеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Авансты қайтаруды қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі аванстың тиісті сомасы толық өтелген сәтке дейінгі барлық кезеңді қамтуға тиіс.

2.5. Орындалған жұмыстар үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу, Тараптардың Орындалған жұмыстар актісіне (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады:

2.5.1. Орындалған жұмыстарға шот-фактура;

2.5.2. Орындалған жұмыстар актісі (Р-1);

2.5.3. Орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы анықтама (КС-3 нысаны);

2.5.4. Орындалған жұмыстар актісі (2В нысан);

2.5.5. Орындалған жұмыстар және материалдардың жұмсалуы туралы көлемді анықтама;

2.5.6. Мердігердің материалдарына шот-фактура;

2.5.7. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

2.5.8. Жобадағы өзгерістер туралы хаттама (қажет болған жағдайда);

2.5.9. Орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар (авторлық қадағалау үшін төлеген кезде);

2.5.10. Орындалған жұмыстар актілері (жобалау жұмыстары, инженерлік-геодезиялық, инженерлік-геологиялық, ҚОӘБ, жерге орналастыру жобасы;

2.5.11. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жүргізу туралы есеп (қажет болған жағдайда);

2.5.12. Қоршаған ортаға әсерді бағалауға арналған жоба (қажет болған жағдайда);

2.5.13. Жерге орналастыру жобасы (қажет болған жағдайда);

2.5.14. Орындалған жұмыстарды қабылдаудың техникалық актісі. Бұл ретте төлем Шарттың 2.6-тармақшасына сәйкес төленетін және төленген авансты (алдын ала төлемді) толық өтеуді ескере отырып, төлеуге ұсынылған соманың 10% (он пайызы) ұстап қалумен жүргізіледі;

2.6. Тиісті тапсырыс сомасының 10 (он) % мөлшерінде ұсталған соманы төлеу Тапсырыс бойынша жұмыстардың толық көлемі орындалғаннан кейін тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүргізіледі:

2.6.1. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі;

2.6.2. Сәйкестік туралы декларациялар;

2.6.3. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындылар;

2.6.4. Орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар;

2.6.5. Салынған объектіні қабылдауға дайындық туралы комиссияның қорытындысы;

2.6.6. Атқарушылық құжаттаманың толық пакеті (сатып алуға арналған техникалық ерекшелікте).

2.7. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.8. Тапсырыс беруші төлем құжаттарының топтамасын Мердігердің дер кезінде ұсынбауымен/қол қоймауымен байланысты төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

2.9. Тапсырыс беруші шартта және тапсырыста көрсетілмеген өзге де төлемдерді жүргізбейді.

2.10. Тапсырыс беруші Шарт бойынша мердігерге қандай да бір артық төлем жасаған жағдайда, Тапсырыс берушіден хабарлама алғаннан кейін Мердігер Тапсырыс берушіге артық төленген ақша сомасын Шартта көрсетілген Тапсырыс берушінің есеп шотына аудару жолымен осындай хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде артық төлем сомасын қайтарады.

2.11. Шартта көрсетілген банктік деректемелер бойынша мердігердің атына ақша қаражатын есептен шығару күні төлем күні болып табылады.

2.12. Егер орналастырылған тапсырыстар бойынша орындалған жұмыстардың құны шарттың жалпы сомасына жетпеген жағдайда, мердігердің Тапсырыс берушіден қалған жұмыс көлеміне тапсырыстар беруді және тиісінше осы Шарттың қалған сомасына ақы төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

2.13. Мердігер шот-фактураны беру кезінде онда міндетті түрде мынадай ақпаратты көрсетуге міндеттенеді: тапсырыстың нөмірі, шартта және оның қосымшаларындағы тұжырымға сәйкес келуі тиіс сатып алынатын жұмыстардың атауы.

2.14. Тапсырыс беруші берілген шот-фактурамен келіспеген жағдайда Тапсырыс беруші бұл туралы мердігерге жазбаша нысанда хабарлайды. Мұндай даулы шот-фактураны төлеу дау шешілгенге дейін кейінге қалдырылады. Даулы шот-фактураларға қатысты, мердігер дауды шешу мақсатында шот-фактураға түзетулер енгізген немесе шот-фактуралардағы деректерді негіздеу үшін қажетті құжаттаманы ұсынған жағдайларда, осы Шартта көзделген шот-фактураларды төлеу мерзімі түзетілген шот-фактураны немесе қажетті құжаттаманы алған күннен бастап қолданылады.

2.15. Тапсырыста көрсетілген сома шекті болып табылады және оны ұлғайту бағытында түзетуге болмайды. Бұл ретте жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі –ЖСҚ) әзірлегеннен кейін жоба құны азайған жағдайда, шарттық баға тізімдемесі (бұдан әрі – ЖСҚ) ЖСҚ-да көрсетілген құннан аспайтын сомаға сараптамадан өткен болып табылады және Мердігер тапсырыс құны мен ЖСҚ арасындағы айырмашылықты талап етпеуге тиіс.

2.16. Тапсырыс бойынша жұмыстардың шекті құны АВС бағдарламалық кешенінде орындалған калькуляция және сметалық есептеу негізінде белгіленеді және тапсырмада көзделген жұмыстардың толық көлемін қамтиды. Шарт жасасу кезеңінде қолданыстағы нормативтер бойынша есептелген және Шартқа №9 қосымшада көрсетілген алдын ала (ірілендірілген) құн айқындалады. Жобалау-сметалық құжаттаманы сараптау нәтижелері бойынша жұмыстардың түпкілікті құны нақтыланады. Бұл ретте бекітілген сметадан не тапсырыспен белгіленген шекті құннан асып кетуге жол берілмейді. Асып кету анықталған жағдайда есептеу тапсырыстың белгіленген шектеріне дейін міндетті түзетуге жатады.

2.17. «Мемгрaдкадастр» РКК филиалдарының МҚК ААЖ (мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматты ақпараттық жүйесі) енгізуге топографиялық-геодезиялық материалдарды атқарушы түсіру және ұсыну бойынша шығындар құрылыс-монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру және басқару (бұдан әрі – ҚМЖ) бойынша жалпы алаң шығындарында ескерілді. ВДО-да шығындардың бұл түрі көрсетілмейді.

2.18. Мердігер өз міндеттемелерін орындауға байланысты туындауы мүмкін барлық шығыстар мен төлемдер Шартқа және оның қосымшаларына сәйкес жұмыстардың құнына енгізілген және жабылатын ретінде қаралады және қабылданады.

2.19. Мердігердің құрылыстың температуралық аймағының климаттық жағдайларына байланысты шығындары орташа жылдық болып табылады және егер бұл шығындар сметалық құжаттамада ескерілсе, жылдың уақытына қарамастан төленеді.

2.20. Төлем Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген банктік деректемелер бойынша жүргізіледі.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері мен талаптары

3.1. Жұмыстар осы Шартқа тапсырыстарда көрсетілген мерзімдерге сәйкес басталуы және орындалуы тиіс. Тапсырыста жұмыстың басталу күні және жұмыстың аяқталу күні жазылады. Тапсырыста көрсетілген мерзімде орындамау фактісі жұмыстарды орындау мерзімдері бөлігінде мердігердің міндеттемелерін бұзу болып табылады.

3.2. Тапсырыстар бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері жұмыстарды жүргізудің тиісті кестесінде айқындалады.

3.3. Тапсырыстар бойынша жұмыс көлемінің орындалмауы немесе мерзімін кешіктіріп орындау міндеттемені бұзу болып табылады және мердігерге шарттың 7-бөліміне сәйкес айыппұл санкцияларын салуға әкеп соғады. Бұл ретте айыппұл санкцияларын беру Тапсырыс берушінің құқығы болып табылады, бірақ міндеті емес.

3.4. Егер мердігерде тапсырыс бойынша жұмыстарды орындаудың кідірісі болады деп пайымдауға себептер болса және оған орныды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

себептер болса, онда бұл жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіні жазбаша (оның ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен мекенжайға электрондық пошта арқылы) хабардар етуге, хабарламада болжамды кідіріс кезеңін айқындауға және кідіріс кезеңін Тапсырыс берушімен келісуге тиіс. Егер Тапсырыс беруші мердігердің себебін орынды деп санаса, Тапсырыс беруші кідіріс кезеңін жазбаша түрде (оның ішінде электрондық пошта арқылы) келісе алады. Мердігер кідіріс кезеңін азайту үшін барлық ақылға қонымды күш-жігерді жұмсауы керек.

3.5. Нақты орындалған жұмыс көлемінің құны тапсырыс бойынша жұмыстың жалпы құнынан аспауға тиіс.

3.6. Мердігер Тапсырыс берушімен жазбаша түрде келісілмеген және тапсырыстар мен шартқа қосымшаларда көрсетілмеген жұмыстың қосымша көлемін орындамайды, ал Тапсырыс беруші оларды төлемейді.

3.7. Мердігер электрондық поштаға есепті айдың 20 (жиырмасыншы) күніне дейінгі мерзімде тексеруге және келісуге арналған шарттың 2.5-тармағына сәйкес әрбір тапсырыс бойынша жұмыстардың орындалғанын растайтын құжаттардың тиісті түрде ресімделген толық пакетін ұсынады smeta.telecom@bk.ru.

3.8. Тапсырыс беруші ескертулерді анықтаған жағдайда мердігер оларды 1 (бір) жұмыс күні ішінде жоюға міндетті.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), ғимараттарды (құрылыстарды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, Жұмыстарды орындау. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісу бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді тең мәнділеріне ауыстыруға құқылы.

4.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Осы Шарттың 4.1.5-тармағында көзделген талаптарға қосымша, Мердігер Жұмыстарды орындау кезінде өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, оның ішінде жазатайым оқиғалар мен авариялық жағдайлардың алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға, жұмыскерлерді қажетті жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз жұмыскерлері мен тартылған қосалқы мердігерлердің өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Өндірістік қауіпсіздік талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, Мердігер оларды жою жөнінде дереу шаралар қабылдауға, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жоюға және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған Тапсырыс берушінің талаптарын орындауға міндеттенеді. Мердігер көрсетілген талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды өтеуге міндеттенеді.

4.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.11. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қор операторы бекіткен, орындалуы және көрсетілуі кезінде

тауарларды өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде Жұмыстар болған жағдайда, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндірушіден (олардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны (оларды) іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Өнім беруші тауарларды жеткізудің бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарынан туындаған Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/Жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың (тауарлардың) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.1.12. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін 1.00 % мөлшерінде Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігітолық орындағанға дейін қолданылу мерзімі бар Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді. Осы міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Мердігердің сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау жағдайлары бұған жатпайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаса, онда Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.13. Жеткізілетін материалдардың/тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға.

4.1.14. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өндірістік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен мамандарды жұмыстарды орындауға жіберу.

4.1.15. Өз жұмыскерлерін жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге (мұндай талап жұмысқа қолданылатын кезде ғана белгіленеді);

4.1.16. Жұмыстарды жеке орындау қажет. Қосалқы мердігерлерді тартуға Шарттың талаптарында белгіленген тәртіппен ғана жол беріледі.

4.1.17. Мердігер жұмыстарды жүргізу кезінде техникалық құжаттамада көрсетілген ерекшеліктерге және материалдарға (ТЕ 2-1 және 2-2-қосымшалары), СНжҚ, МЕМСТ, ТШ-ға қойылатын талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын басқа да міндетті талаптар мен нормативтерге сәйкес келетін материалдарды, конструкцияларды, жинақтауыштарды, жүйелерді, жабдықтарды ғана пайдалануға міндетті. Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеу. Мердігер қоршалған құрылыс алаңының аумағында, оның ішінде Тапсырыс беруші берген материалдар мен жабдықтардың, техниканың және басқа да мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупін өзіне алады, сондай-ақ Тапсырыс беруші оны қабылдағанға дейін орындалған жұмыстың нәтижелері үшін жауапты болады.

4.1.18. Мердігер объектіге қол жеткізуге қатысты оның құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптар ескеріле отырып айқындалатынын мойындайды, бұл ретте тиісті құқықтар объект иесінің және/немесе Тапсырыс берушінің қалауы бойынша беріледі. Жұмыстарды орындау барысында және мердігердің объектілерге қол жеткізуінің барлық уақыты ішінде мердігер мемлекеттік органдар, алаң иелері, Тапсырыс беруші тарапынан объектілерге қатысты қолданылатын барлық талаптар мен қағидалардың тұрақты сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

4.1.19. Мердігер жұмыстарды тиісінше орындағаны үшін толық жауаптылықта болады және екі тараптың да орындалған жұмыстарды қабылдаудың техникалық актісіне қол қойған сәтінен бастап жұмыстарға және жұмыстардың нәтижесіне қатысты кез келген шығындар мен зақымдану тәуекелдеріне байланысты жауапкершілікті қабылдайды.

4.1.20. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес жұмыстардың нәтижесі немесе оның бір бөлігі мемлекеттік органдарда/уәкілетті ұйымдарда келісілуі, сертификатталуы немесе бекітілуі тиіс жағдайларда мердігер қажетті келісімдерді, сертификаттарды, бекітулерді өз күшімен және өз есебінен алуды қамтамасыз етуге міндетті. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес қажетті келісімдерді, лицензияларды, сертификаттарды, бекітулерді алуға өтініш Тапсырыс берушінің міндеті болып табылатын жағдайларда, мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіні алдын ала хабардар етуге және Тапсырыс берушінің Мердігерге қажетті іс-әрекеттер жасауға сенімхат беруіне сұрауды жіберуге міндетті, ал Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша мердігерге осындай сенімхат беруге немесе қажетті әрекеттерді өз бетінше жүзеге асыруға құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.21. Мердігер Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша Мердігер бөлшектеуі тиіс желінің бар элементтерін буып-түю және таңбалау үшін жауапты болады. Мердігер жабдықты Тапсырыс берушінің қоймасына алу және тапсыру рәсімдері бойынша талаптарды орындауға міндетті. Мердігер тарапынан бұл талаптар орындалмаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жабдықты беруден немесе қабылдаудан бас тартуға құқылы, бұл ретте қосымша шығыстар және міндеттемелерді орындаудың кідірісі Мердігердің жауапкершілік аймағында болады.

4.1.22. Мердігер өз есебінен жұмыстарды орындау аумағында (құрылыс алаңы шегінде) Мердігер және/немесе Тапсырыс беруші сатып алатын материалдар мен жабдықтарды сақтауға арналған орындарды ұйымдастыруға, оларды сақтаудың және қорғаудың тиісті шарттарын қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңнаманың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауды қоса алғанда, оның ішінде өртке қарсы қауіпсіздік, санитарлық нормалар, мүлікті қорғау және басқа да міндетті талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті (құрылыс алаңында).

4.1.23. Мердігер Тапсырыс берушіге жұмыстардың орындалу барысы, орындалатын жұмыстардың мәртебесі, туындайтын кедергілер туралы, сондай-ақ жұмыстарды одан әрі орындау жөніндегі жоспарлар туралы апта сайынғы есептерді ұсынуға міндетті. Есептер жұмыстың әрбір кезеңі бойынша және әрбір объект бойынша жоспарланатын тікелей орындаушыларды міндетті түрде көрсете отырып, Тапсырыс беруші бекіткен форматта ұсынылады. Есеп беру жиілігі - аптасына бір рет, әр жұма сайын. Есепті белгіленген мерзімде ұсынбаған әрбір жағдай үшін Тапсырыс берушінің тиісті талап қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігер төлеуге жататын 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде айыппұл салуға құқығы бар.

4.1.24. Мердігер Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге және одан нұсқаулар алғанға дейін жұмыстардың орындалуын тоқтата тұруға міндетті: - Тапсырыс беруші үшін жұмыстар бойынша оның нұсқауларын орындауға байланысты ықтимал қолайсыз салдарларды анықтау; - жұмыс нәтижесінің жарамдылығына немесе беріктігіне қауіп төндіретін өзге де мән-жайларды анықтау. Тапсырыс беруші хабарламаған не уақытында хабарламаған жағдайда Мердігер туындаған барлық салдарлар үшін жауапты болады. Хабарламаудың немесе уақытында хабарламаудың әрбір жағдайы үшін Тапсырыс беруші тиісті талап қойылған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Мердігер төлеуге жататын 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

4.1.25. Жұмыстарды орындауға және орындалған жұмыстардың нәтижесін қабылдауға байланысты техникалық және ұйымдастырушылық мәселелерді жедел шешу үшін мердігердің уәкілетті өкілін тағайындау қажет.

4.1.26. Мердігер Тапсырыс берушіні Мердігердің өз міндеттемелерін орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты туындаған барлық талаптардан және үшінші тұлғалардың талаптарынан босатуға міндетті. Мердігер осындай наразылықтар мен талаптарды, сондай-ақ барлық байланысты шығындарды реттеуге дербес жауапты болады. Бұдан басқа, Мердігер Тапсырыс берушіге көрсетілген бұзушылықтармен келтірілген барлық шығындарды толық көлемде өтеуге міндетті.

4.1.27. Мердігер өзі тартқан қосалқы мердігерлер тарапынан іс-әрекеттер, әрекетсіздік, міндеттемелерді орындамау не немқұрайлылық үшін, сондай-ақ олар орындайтын барлық жұмыстар мен жеткізілетін материалдардың сапасы мен шарт талаптарына сәйкестігі үшін, мұндай жұмыстарды мердігер тікелей орындағандай немесе материалдар жеткізгендей толық жауапты болады. Мердігер барлық қосалқы мердігерлерде осы Шарт шеңберінде жұмыстарды орындауға және материалдарды жеткізуге қажетті лицензиялардың, рұқсаттардың және өзге де құқықтық негіздердің болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша осындай құжаттардың тиісті көшірмелерін беруге міндетті. Осы тармақтың шарттарын бұзуға байланысты Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдарды қоса алғанда, үшінші тұлғалар тарапынан шағымдар туындаған жағдайда, мердігер осындай дауларды дербес реттеуге, осыған байланысты барлық шығыстарды көтеруге және Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды өтеуге міндетті.

4.1.28. Жұмыстарды орындау кезеңінде объектіде қажетті өртке қарсы және жарылысқа қарсы іс-шаралардың, қауіпсіздік техникасы, аумақты ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны, жасыл желектер мен жерді қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету.

4.1.29. Құрылыс, объектілерді қабылдау, жеке сынақтар, кешенді сынау процесінде анықталған, жұмыстарды жүргізу кезінде мердігердің кінәсінен жіберілген ақауларды/сәйкессіздіктерді/шегіністерді түзетуге байланысты барлық шығыстар мердігердің есебінен, оның күштері мен құралдарымен жүргізіледі.

4.1.30. Барлық орындалатын жұмыстарға қатысты Мердігер Тапсырыс берушінің нормативтік және регламенттік құжаттарын басшылыққа алып, Мердігерге қатысты бөлігінде орындауға тиіс. Тапсырысты орындау барысында Мердігер ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын қолданыстағы және тапсырысқа қол қою кезінде Мердігерге жеткізілген нұсқасында орындауы керек.

4.1.31. Тапсырыс берушіге нақты тапсырыста көзделген жұмыстардың аяқталғаны туралы және жұмыстардың нәтижесін Тапсырыс берушіге тапсыруға дайын екендігі туралы хабарлау.

4.1.32. Жұмыстарды орындау кезеңінде қажет болған жағдайда объектілерді электр энергиясымен қосу және жабдықтауды өз есебінен қамтамасыз ету.

4.1.33. Мердігер барлық жағдайларда жұмыстарды орындауға қатысатын тұлғалардың нақты тізбесін жүргізуге тиіс. Тиісті тізім Тапсырыс берушіге оның талабы бойынша беріледі және үнемі жаңартылып отыруы тиіс.

4.1.34. Мердігер «Қазақтелеком» АҚ қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі директиваларымен танысуға (өз персоналы мен қосалқы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мердігерлердің жұмыскерлерін таныстыруға) міндетті.

4.1.35. Тапсырыс берушінің нұсқауы бойынша жұмыстар Тапсырыс берушіге тиесілі емес объектілерде орындалуы тиіс жағдайларда мердігер өз жұмыстарын орындау басталғанға дейін осындай объектілердің қауіпсіздігіне көз жеткізуге міндетті.

4.1.36. Мердігер өз жұмыскерлерінің және өзі тартқан қосалқы Мердігерлердің жұмыскерлерінің еңбекті, қоршаған ортаны қорғау талаптарын, техника қауіпсіздігі қағидаларын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, электр қауіпсіздігі қағидаларын, СЭС талаптарын және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген өзге де қағидалар мен нормаларды сақтауы үшін жауапты болады.

4.1.37. Жұмыстарды орындаудың барлық кезеңі ішінде мердігер тек өз есебінен қолданыстағы заңнамада көзделген сақтандырудың барлық міндетті түрлерін қамтамасыз етеді.

4.1.38. Жұмыстарды тиісінше орындамаған Мердігер Тапсырыс берушінің олардың орындалуын бақылау мен қадағалауды жүзеге асырмағанына сілтеме жасауға құқылы емес.

4.1.39. Егер мұндай нұсқаулар Шарттың ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Тапсырыс берушінің жұмыс барысында алған, шарт бойынша жұмыстардың нәтижелерін жақсартуға бағытталған нұсқауларын орындау.

4.1.40. Мердігер Тапсырыс берушіге жобалық және атқарушылық құжаттаманы электрондық түрде, сондай-ақ қағаз жеткізгіште беруге міндетті. Қағаз жеткізгіштегі даналардың саны Тапсырыс берушінің қалауы бойынша анықталады.

4.1.41. Әзірленген ЖСҚ бойынша ескертулер (қателер, ҚНжҚ, ГОСТ сәйкес келмеуі) болған кезде Мердігер оларды тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жоюға міндеттенеді.

4.1.42. Жобалауға тапсырысқа және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес ЖСҚ-ның толық тізбесін орындау және ведомстводан тыс сараптамадан өткенге дейін Тапсырыс берушіге танысуға ЖСҚ ұсыну. Ведомстводан тыс сараптама жүргізу нәтижелері бойынша ескертулер алған жағдайда Мердігер оларды тиісті қорытынды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жоюға міндетті.

4.1.43. Құрылыстың барлық кезеңіне арналған жобалық шешімге сәйкестікке авторлық қадағалауды жүзеге асыру. Авторлық қадағалау журналын жүргізу, сондай-ақ авторлық қадағалау журналына енгізілген нұсқаулардың уақытында және сапалы орындалуын қадағалау.

4.1.44. Құрылыс процесінде орындалған ҚМЖ жұмыс құжаттамасында көзделген жобалық шешімдерге және ҚМЖ бекітілген сметалық құнына сәйкестігін тексеру.

4.1.45. ТОБЖ сақталуын, материалдық ресурстарды үнемді жұмсауды, еңбек шығындарын азайтуды, пайдалану үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін заманауи технологияларды қолдана отырып, жобалық шешімдерге сәйкес ҚМЖ орындалуын қамтамасыз ету.

4.1.46. ҚМЖ басталар алдында: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі, биіктікте жұмыс істеу/өрмелеу жұмыстары, өрт-техникалық минимум/өрт қауіпсіздігі, жүк көтергіш машиналар мен механизмдерді орнатуға және қауіпсіз пайдалануға өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқудан өткен және сертификатталған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасын сақтауға жауапты тұлғаларды бұйрықпен тағайындау. Тапсырыс берушіге бұйрық пен сертификаттардың көшірмесін ұсыну.

4.1.47. ҚМЖ аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №234 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды берілсін.

4.1.48. Тапсырыс беруші ұсынған материалдардың, жабдықтардың немесе ЖСҚ-ның жарамсыздығы немесе сапасыздығы, Тапсырыс беруші үшін жұмысты орындау тәсілі туралы оның нұсқауларын орындаудың ықтимал қолайсыз салдары және орындалатын жұмыстың тиісті сапасына зиян келтіруі не оны шартта белгіленген мерзімде аяқтау мүмкін болмайтын өзге де мердігерге тәуелді емес мән-жайлар анықталған кезде және Тапсырыс берушіден орындалатын жұмыстың тиісті сапасына зиян келтіруі мүмкін ҚМЖ тоқтата тұру.

4.1.49. Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шартты жасасуға және орындауға байланысты бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамаларға мерзімді аудит (тексеру) жүргізуге мүмкіндік беруге міндеттенеді.

4.1.50. Жұмыстардағы елішілік құндылығы бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Елішілік құндылығы бойынша дұрыс емес ақпарат берілген жағдайда Мердігер тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.51. Құрылыс алаңын және оған іргелес көше белдеуін күтіп ұстауға және тазалауға жауапты. Пайдаланылатын жер учаскелерінің жабындарын жоспарлауды және қалпына келтіруді орындау. Ғимараттарда және оларға іргелес учаскелерде ҚМЖ орындау кезінде этикет қағидаларын сақтау, ал жұмыс аяқталғаннан кейін тазалық пен тәртіпті сақтау.

4.1.52. Орындалатын жұмыстардың ықтимал қымбаттау қаупін көтеруге міндетті. Мердігер орындалған жұмыстарды қорғауды және шартты орындауға байланысты барлық материалдарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырмен, су тасқынымен, аязмен,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өртпен, ұрлықпен және өзге де себептермен байланысты жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Жоғарыда айтылғандарға байланысты Мердігер шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

4.1.53. Тапсырыс берушіге дайын объектіні тапсырыспен белгіленген мерзімде тапсыруға және объект бойынша қажетті атқарушылық құжаттаманы 2 данада және электрондық жеткізгіште беруге міндетті.

4.1.54. Жабдықтар мен материалдарды сатып алмас бұрын, жабдықтар мен материалдардың түрін Тапсырыс берушімен келісу міндетті болып табылады.

4.1.55. Тапсырыс берушіге оның сұрауы бойынша жұмыстардың орындалу барысы туралы ақпаратты 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде беру.

4.1.56. Өз есебінен сол материалдар мен жабдықтарды немесе олардың бөліктерін қайта жасау немесе ауыстыру немесе Тапсырыс беруші қолайсыз деп танған жұмыстардың бір бөлігін қайта жасау.

4.1.57. Осы Шартты жүзеге асыру үшін қажетті барлық материалдар мен жабдықтарды қолдану. Мердігердің жабдықтары жаңа, бұрын пайдаланылмаған болуы керек, сондай-ақ жұмыс Шартта көрсетілген мерзімде толық орындалуы үшін осындай қуат пен дизайн болуы керек. Мердігердің барлық жабдықтары «Қазақтелеком» АҚ қолданыстағы жабдықтарымен және инфрақұрылымымен үйлесімді, сондай-ақ жұмыстарды қауіпсіз және тиімді орындау үшін жарамды болуы тиіс. Барлық осындай жабдықты Тапсырыс берушінің өкілі мезгіл-мезгіл тексеруге тиіс. Қауіпті жағдайда деп танылған кез келген осындай жабдықты Мердігер жұмыс жүргізілетін жерден дереу алып тастауы және Тапсырыс беруші үшін қосымша шығындарсыз және жұмыстардың аяқталуын кешіктірмей ауыстыруы немесе жөндеуі тиіс.

4.1.58. Жұмыс кезеңін немесе жұмыстардың толық көлемін орындау аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге: ҚНжҚ мен Тапсырыс берушінің талаптарында көзделген көлемде атқарушылық құжаттаманы, құрылыс материалдарын зертханалық сынау хаттамасын, материалдар мен жабдыққа сәйкестік сертификаттарын және дайын өнімнің паспортын ұсыну. Құрылыс аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге Шартта көзделген кепілді кезеңге орындалған жұмыстардың сапасына кепілдік беру талаптарын және барлық кемшіліктерді, ақауларды жою тәртібін қамтитын кепілдік хат ұсынылсын.

4.1.59. Қоршалған құрылыс алаңының аумағында құрылыс басталғаннан бастап оны аяқтағанға дейін және объектіні пайдалануға бергенге дейін материалдарды, жабдықтарды, құрылыс техникасын және басқа да мүлікті қорғауды жүзеге асыру.

4.1.60. Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап бір апта мерзімде оған тиесілі құрылыс машиналары мен тетіктері, көлік құралдары және басқа да мүліктер құрылыс алаңынан тыс жерге шығарылады.

4.1.61. Мердігер өзіне алған жұмыстарды сапалы орындау үшін қажетті көлемде электрондық аспаптар мен мамандандырылған техниканың қажетті паркінің болуы міндетті.

4.1.62. Мердігер ҚМЖ орындауды бастамас бұрын Тапсырыс берушіге ҚМЖ талонын хабарлау және алу үшін құжаттаманы ұсынуы қажет. Мердігер ҚМЖ орындауды бастамас бұрын жергілікті атқарушы органдарға ҚМЖ басталғаны туралы ресми түрде хабарлауы қажет.

4.1.63. Жобалық құжаттамадан және ҚНжҚ-дан ауытқулар анықталған кезде жазбаша нұсқама беру.

4.1.64. Жұмыс жүргізу журналына ҚМЖ орындалу барысы мен сапасына қатысты ескертулер енгізу.

4.1.65. ЖСҚ-дан кез келген ауытқуларды Тапсырыс беруші бекітуі және келісуі тиіс.

4.1.66. Қаралып отырған ЖСҚ бойынша құпиялылықты сақтау және коммерциялық құпияны қамтамасыз ету.

4.1.67. Жұмыстарды жүргізу кестесіне және Шартқа тапсырысқа сәйкес жұмыстарды орындау мерзімдерін сақтау.

4.1.68. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқару.

4.1.69. Осы Шартты орындауға тартылатын жұмыскерлерге тендерлік өтінім құрамында көрсетілген мөлшерде жалақыны Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне белгілеуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде тоқсан сайын, _____ күнтізбелік күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді ұсынуға міндетті. (Әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жалақысының ең төменгі шегі (шектері) Тәртіпке № 5 қосымшаның 35-тармағына сәйкес тендерлік құжаттамада белгіленген жағдайда қолданылады.)

4.1.70. Шартты орындауға тартылған Мердігер жұмыскерлерінің жалақысын және әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарды ұлғайтуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде тоқсан сайын, _____ күнтізбелік күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді ұсынуға міндетті. (Тәртіптің 59-бабының 1-тармағында көзделген тиісті негізге сәйкес шарт жасалған кезде және Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жасалған шарттарға өзгерістер енгізілген кезде қолданылады.)

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.71. Жеткізуші осы Шартқа қол қоя отырып, «Қазақтелеком» АҚ-ның корпоративтік сайтында орналастырылған «Қазақтелеком» АҚ Өнім беруші кодексінің ережелерімен танысқанын және олармен келісетінін растайды.

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

